

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы М.М. Оспановтың баяндамасына анықтама

Агенттік инфрақұрылымдық реттеуші ретінде 1 186 табиғи монополия субъектісіне **реттеу функциясын** және 182 доминантқа қатысты баға белгілеу функциясын жүзеге асырады.

2013 жылы тарифтерді қарау жұмысының нәтижелері:

- табиғи монополиялар субъектілері ұсынған барлығы 1 073 өтінім қаралды, 406 өтінімнен бас тартылды, олардың 29 тарифі төмендетілді;
- доминант субъектілер тарифтерді көтеруге 129 хабарлама берді, 55 хабарлама бойынша бағаларды көтеруге тыйым салынды, оның ішінде 22 тариф төмендетілді.

Тарифтер заңнама талаптарына сәйкес бекітіледі.

Реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері Үкімет ұсынған инфляцияның жоспарланған дәлізі шегінде өзгертіледі. 2013 жылы инфляцияға үлес 1,15% деңгейінде қамтамасыз етілді, жоспар 1,2% болған.

Ағымдағы жылы бұл жұмыс жалғасады. Қазіргі кезде реттелетін қызметтердің тарифтерін өзгертуге 1 мамырға дейін мораторий жарияланған.

Инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру және іске асыруАгенттіктің тұрақты бақылауында. 2012 жылғы қорытынды бойынша инвестиция сомасы шамамен 209 млрд. теңгені құрады, 2013 жылы – 230 млрд. теңгеге жуық болды. Инвестициялар көлемін көбейтуге әрбір монополистің инвестициялық бағдарламаларды дайындау және іске асыру міндетін белгілеу арқылы қол жеткізіледі. Тарифтерді бекіту үшін инвестициялық бағдарлама – міндетті шарт болып табылады.

Бұдан басқа Агенттік активтер тозуын, нормативтік шығындарды, отынның үлестік шығысын және жабдықтың энергия сыйымдылығын төмендету сияқтыинвестициялық бағдарламалар индикаторын белгілейді.

Белгіленген индикаторларға қол жеткізілген жағдайда ғана инвестициялық бағдарламалар қабылданады және орындалды деп саналады.

Өткен жылы энергия тиімділігіне қатысты қабылданған шаралар тұтынушыларға 11,6 млрд. асатын қаражатты үнемдеуге мүмкіндік берді.

Инвестициялық бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде нормативтік шығындар төмендетілді. 2006 жылдан бастап олардың деңгейі жартылай қысқарды.

Жабдықты жөндеу мен жаңарту нәтижесінде жылу энергиясын өндіруге жұмсалған отын шығыны соңғы 10 жыл ішінде 2 еседен аса азайды.

Осы мәселелер тұрақты бақыланады.

Түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу бөлігінде:

- тарифтердің өзгеру себептері бойынша ай сайын брифингтер ұйымдастырылады;

- Агенттік сайтында «тұтынушы калькуляторы» енгізілген, барлық монополистердің инвестициялық бағдарламалары жөнінде ақпарат және олардың орындалуы туралы есептер орналастырылған.

Агенттік жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мақсатында монополистер объектілерінде 92 баспасөз туры өткізілді, 1000 –нан астам материал шықты.

Сондай-ақ монополистер тұтынушылар алдында 655 есеп берді. Қазіргі уақытта барлық өңірлерде монополистер басшыларының есептері ұйымдастырылуда. Оларды өткізу кестесі Агенттіктің веб-сайтында орналастырылған, монополистер хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында алдын ала жариялайды.

Сонымен қатар қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін **Агенттік бақылауды күшейтті**: өткен жылы тұтынушылар құқықтарын бұзуға жол бермеу мақсатында 1200-ге жуық нұсқама енгізілді, айыппұлдар мен нұсқамалар бойынша жалпы сома 3,3 млрд. теңгені құрайды.

Сыртқы ауа температурасының өзгеруіне байланысты қайта есептеу жүргізу нәтижесінде халыққа шамамен 500 млн. теңге қаражат қайтарылды.

Электр энергиясы нарығындағы делдал толық жойылды, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға 2,2 млрд. теңге айыппұл салынды.

Агенттік жұмысының басты бағыты **тұтынушылармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау** болып табылады.

Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасымен, Тұтынушылардың Ұлттық Лигасымен, «Көмекші» нарық субъектілерін қолдау жөніндегі Қауымдастық Одағымен» Меморандумдар жасалды.

Тарифтерді бекіту кезінде Сараптамалық Кеңестер арқылы халықтың қатысуы қамтамасыз етіледі. 442 білікті сарапшыдан тұратын 16 өңірлік және 3 республикалық сараптамалық кеңес жұмыс істейді.

Өткен жылы мемлекеттік емес ұйымдар, мәслихат депутаттары, еңбек ардагерлері, тұтынушыларды қорғау қоғамдарының қатысуымен 183 «дөңгелек үстел» өткізілді.

Тұтынушылармен кері байланыс орнатылды, Агенттік сайтына түскен өтініштерге 7 088 жауап, сұрақтарға 804 жауап, Төраға блогына түскен өтініштерге 360 жауап берілді. Барлық сұрақтар бойынша жергілікті жерге барып шешімдер қабылдау қамтамасыз етілуде.

Бірақ қоғамның рөлін күшейту қажет.

Сондықтан өзара іс-қимыл жасауға арналған қолданыстағы нысандар жетілдіріліп отыр:

- аккредиттеу рәсімі жеңілдетілуде;
- сараптамалық кеңестердің құрамдары кеңейтілуде;
- тарифтік саясатты жариялайтын журналистерді оқыту жүргізіліп отыр.

Қоғамдық бақылауды дамыту үшін Агенттік жанынан Қоғамдық кеңес құрылды. Оған барлық фракциялардың депутаттары және белгілі қоғам қайраткерлері кірді.

Тарифтік саясатты жетілдіру

Шағын және орта бизнес үшін кедергілер төмендетілді: бірқатар шағын монополистер тарифтердің өзгеруі жөнінде хабарлау сипатына көшірілді.

Заңнаманы жетілдіру барысында Агенттік 80 нормативтік құқықтық актіге талдау жүргізді, нәтижесінде 17 нормативтік құқықтық акт 3 актіге қысқарды, ал 40 нормативтік құқықтық актінің 13-і және 16 әдістемесі жойылды.

Озық елдер тәжірибесі бойынша ынталандырып реттеукезең-кезеңмен енгізілуде: 2013 жылдан бастап электр энергетикасы саласында өңірлік электр желілік компанияларға тарифтер бенчмаркинг әдісімен белгіленді.

Сумен жабдықтау саласында жаңа тетіктер енгізілді, Суға тариф белгілейтін жаңа тетіктерді енгізудің 2013-2015 жылдарға арналған кешенді жоспары орындалуда.

2013 жылы инвестиция 12 млрд. теңгеден асты, 2014 жылы шамамен 32 млрд. теңге жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Агенттік Жылу желілерін жаңғырту бойынша кешенді жоспарды әзірлеу бастамасын көтерді.

Агенттік тариф белгілеудің ашықтығы, реттелетін қызметтер сапасын арттыру және қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды күшейту жөнінде **заң жобасын әзірледі.**

Оның негізгі бағыттары:

Біріншіден – әкімдердің есеп берулері сияқты жария тыңдауларды және монополистердің жыл сайынғы міндетті есептерін өткізуге қатаң талаптар қою, сондай-ақ электрмен жабдықтау бағалары өзгерген жағдайда жария тыңдаулар өткізуді енгізу.

Екіншіден – монополистер сатып алатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бағаларының жүйеленген тізбесін әзірлеу арқылы сатып алу ашықтығын арттыру.

Үшіншіден – реттелетін нарық субъектілеріне және табиғи монополия субъектілеріне алдын ала төлемақы алуға тыйым салу;

Төртіншіден - қызметке қосу кезінде монополистер келтіретін кедергілерді жою. Ол үшін монополистерге веб-сайтта желілер мен жабдықтар жұмысының шамадан тыс көптігі, қуаттардың болуы және желілердің өткізу қабілеті туралы ақпаратты тоқсан сайын орналастыруға қосымша міндеттер енгізу ұсынылады.

Ағымдағы жылы Агенттік алдында мынадай міндеттер тұр:

қоғамның тарифтік процестегі рөлін күшейту,

инфляцияға үлес шеңберінде әділ тарифтерді белгілеу;

бақылауды күшейту және ынталандырып реттеу әдістерін пайдалану.

